

ҚАЗАК ТЛ БІЛМІН АНТОЛОГИЯСЫ

1 2009
16690 к

Жонұзак Т.

ҚАЗАҚ ОНАМАСТИКАСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Т. Жанұзак

**Қазақ
ономастикасы**

**Павлодар
2008**

УДК 81.22
ББК 81.2-3
Ж 27

Сериясы 2008 ж. негізделген

БАС РЕДАКТОР
Арын Е. М.

ҚҰРАСТЫРУШЫ, ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР
Құдабаев А. Ж.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айтбаев Ә., Әбілқасымов Б., Жанпейісов Е., Жанұзақов Т., Жұнісбеков Ә., Қалиев Ф., Қайдар Ә., Құсайынов К., Нақысбеков О., Оралбаева Н., Сайрамбаев Т., Сарыбаев Ш., Сарбалаев Ж., Сергалиев М., Сыздық Р., Хасанов Б.

Жанұзақ Т.

Ж 27 Қазақ ономастикасы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2008, – 240 бет

ISBN 9965-842-52-3

Бұл кітапта топономика бойынша қазақ және орыс тілінде жазған зерттеулер сініп отыр. Осы кітап зиялды қауымға, ғалымдарға, аспиранттарға, казак тіл білімін терең білгісі келетін жалпы көпшілікке арналады.

Еңбек материалдары автор енбегінің негізінде алынды

ББК 81.2-3

ЖК 4602020400
00(05)-08

ISBN 9965-842-52-3

© Жанұзақ Т., 2008
© Құрастырушы А.Ж.Құдабаев,
С. Торайғыров ат. ПМУ 2008

АЛҒЫ СӨЗ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ – қазақ тілінің әр жақтары (дыбыс жүйесі мен сөздік құрамын, грамматикалық құрылымы) мен салаларын (фонетика, лексикология, грамматика) олардың дамуын, өз ара байланысын, ішкі зандастықтарын жан-жақты зерттейтін ғылым саласы. Қазіргі қазақ тілі – саяси, ғылыми көркем әдебиет, публицистика, күнделікті радио мен телевизия хабарларында қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілінің өсуі мен дамуын қазақ тіл білімі түрғысынан ғана емес, жалпы түркология ғылымы түрғысынан алғаш қарағанда, шығып жатқан ғылыми еңбектерінің саны жағынан болсын, жаңа әдістерді қолдану, ғылыми проблемаларды шешу, мамандар даярлау жағынан болсын, әлемдік түркологияда алдыңғы қатарға шықты.

Тіл білімінің жаңа саласы статистика, қолданбалы лингвистика әдістерін түркология ғылымында алғаш қолданған да Қазақстан ғалымдары болатын.

Бүгінгі кезде ұлттық тілге деген сұраныстың көптігіне байланысты осы еңбекті шығару ісі қолға алынды.

Сіздердің қолдарыңызға тиғен «Қазақ тіл білімінің антологиясы» атты сериялық басылым ұлттық тілдің дамуына мол үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін белгілі жүйемен топтастыруды жөн көрдік.

Қазақ тіл білімі антологиясының басты мақсаты – классикалық үлгідегі жазылған ғылыми еңбектердің, тілдік зерттеулердің, ғылыми ой-тұжырымдардың көрсеткішін кейінгі жас ғалымдарға, ұрпағымызға ұлгі ету. Талдаудың, пайымдаудың, дәлелдеудің сан қырлы тәсілдеріне бойлатудың нақты мүмкіндігін ұсыну.

Қай елдің болмасын рухани мұрасын танып – талдаудың, бағалаудың ғылыми калыптасқан шарттары бар. Мұндагы

ғылыми іздептер осы талаптардың биігінен көріне алған. Қазақ тіл ғылымындағы жетекші ойлар – тіл салаларының барлық бастау көзінің бұлағы.

Бұл антологияны құрайтын ғалымдардың еңбектері қазіргі кезде кітапханалардың сирек қорларында өте аз әрі санаулы болғандықтан және кейбіреулері тіпті жетіспейтіндіктен қайта жинақтап, жариялату ісі қолға алынды.

Редакциядан

ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ШЫҒУ, ПАЙДА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫ

Кең-байтақ, ұланғайыр жеріміздегі жүздеген, мындаған жер-су аттары (топонимдер) ғасырлар жәдігері, мәдениетіміз бен тарихымыздың құнды қазына байлығы деп айта аламыз.

Тек қана өзен аты 85 мың болса, көл аттары 50 мыңның үстінде. Олардың ең ірілері: *Балқаш, Алакөл, Сасықөл, Текіз, Марқакөл, Зайсан, Шалқар, Индер, Қарасор, Шортанды, Шабақты, Үлкен Шабақты, Бурабай, Сілемті теңіз, Құсмұрын, Шагалалы теңіз, Үлкен Қараой, Сарықона, Арыс, Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Қеңгір т.б..* Ал қалалар мен кенттер, ауыл, село атауларымен қатар физика-географиялық атаулардың шамадан тыс мол екені баршаға аян.

Топонимдердің (жер-су аттарының) шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, өрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылсынына, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, ел-жүрттың көсіби тірлігіне, мемлекеттің дамып өсүі мен елді мекендердің сан жағынан артып, молая түсүіне тікелей байланысты болып отырады.

Жеріміздегі мындаған атаулардың шығу, пайда болу, дамып өсүі бір ғана дәуірге тән емес, талай ғасыр, тарлан дәуірлердің күесі, біздің заманға жеткен бай қазына, асыл мұрасы. Қазіргі қазақ жерінде сан қылы тарихи оқиғалардың болып өткені, бұл қасиетті де, құдыретті жерімізді талай ұлыс, тайпа, ел, халықтың жерлеп, мемлекет құрып ғұмыр кешкендігі тарихтан мәлім.

Біздің дәуірімізден бұрынғы VII-IV ғасырларды қазақ жерінде сақтар өмір сүріп, тарихта із тастағаны, ал III-II ғ. қанлылар, II-I ғасырларда Іле бойындағы сақтар мен огуздерді ығыстырып, үйсін мемлекеттің өмір сүргені, жыл санауымыздың I ғасырынан, қытай жазбаларының корсстуінде, қышиқтардың, алшын, дайлардың болуы, V ғасырдан аргын тайнасының,

VIII ғасырдан Найман, Керей, Қонырат, Жалайыр тайпаларының шығыс өлкемізді, 12 ата байұлының батыс аймағымызды мекендерегені араб, батыс және қытай, грек ғалымдарының енбектерінен олардың жылнамаларынан белгілі.

VI-VIII ғасырларда Іле бойында Батыс түрік қағанатының астанасы болғандығы, ал VIII-X ғасырларда Қарлұқ мемлекеті, одан соң оғұздардың IX-XII ғ.ғ. өмір сүргені, XI-XII ғ.ғ. Қимақтар мен Қыпшақтарды», XIII-XIV ғ. Монгол ұстемдігі, XIII-XIV ғ. қыпшақ бірлестігі, яғни Дешт-и қыпшақ, кейіннен Жетісу, Талас өнірлерінің Монгол мемлекеті қол астында болуы мындаған жер-су аттары арқылы өз іздерін қалдырып отыр. Бұл атаулардың ішінде тарихқа дейінгі, яғни біздің дәуірімізге дейінгі жер-су аттары мен ортағасырлардың көне атаулар көптеп кездеседі.

Б.д. дейінгі гидронимдер мен оронимдер: а) теңіз аттары: *Каспий теңізі, Арас теңіз*; ә) өзен аттары: *Арыс, Талас, Ертіс, Есіл, Іле, Елек, Қеңір, Шу*; ә) тау аттары: *Алтай, Хантәнірі, Қаратай, Қазығұрт, Қарқара, Қарқаралы, Қуришім, Тарбагатай, Маңырақ* т.б.

Ерте ортағасырға тән жер-су аттары:

Тараз, Екіөгіз, Қаялық, Суяб, Сығынақ, Сауран, Орал, Талкызы (Талгар), Сарығ, Кермен, Кеши, Торғай т.т.

Ортағасырлық жер-су аттары:

Құлан, Отырар, Созақ, Сайрам, Сүткент, Жайық, Теке, Аспара, Шымкент, Түркістан т.т.

Жоғарыда көрсетілген жер-су аттарының мағыналары қазіргі тіліміздің лексика-морфологиялық табиғаты жағынан түсінікті, әрі мағынасы айқын сияқты көрінеді. Мәселен, *Алакөл* – “ала-құла көл”, *Хантәнірі* – “тәнірі хан”, *Қаратай* – “қарайып жаткан тау”, *Ұлытау* – “ұлкен тау” т.т. Алайда бұлайша талдап, түсіну үстірт, женил қараша болар еді. Өйткені ондай ескі, көне атаулар көзінде түркі тілдерінің лексикалық әрі фоно-морфологиялық заңдылығына бағына бермейді.

Сондыктан ондай атауларды тарихи-салыстырмалы жөнө тарихи-топологиялық жолмен зерттеу нәтижелі болмақ.

Жазба деректер мен археологиялық қазба материалдар – өткен дәуірдің орта ғасырында қазақ жерінде тұрактар мен елді мекен және қала, қалашықтардың көп болғанын растап отыр. Оның негізгі себебін Орта Азия халықтары өмірінде көшпенделікпен қатар отырықшылықтың да болғаны көнінен дәлелдей түседі.

Тарихшылардың баяндауынша: “Отырықшылдық пен қала өмірінің даму қарқыны қазақтың барлық жерінде бірдей болмайды. Сырдария мен Талас, Шудың онтүстік аудандарында қалалардың дамуы өсіресе V-VIII ғасырда үдей бастайды” (1.107).

Қазақстанның көне дәуір қалаларының аттарын зерттеу, лингвистикалық тұрғыдан талдаудың тарихи-географиялық әрі этнографиялық мәні мен маңызы аса зор.

Қазақстан тарихында “Х-XII ғасырлардағы ортағасырлық қалалар мен кенттердің қалыптасу жайы толық сипатталған. Қазақстанның ұланғайыр даласы бірнеше табиғи-шаруашылық зонаға бөлініп қаралады. Олардың әрқайсысындағы қала тірлігінің, оның тарихының өзіндік ерекшеліктері болғаны да тарихымызда жете айтылған” (2. 1972, 205).

Сонғы жылдары Қазақстан археологтары көне қалалардың орындарында қазба жұмыстарын жүргізіп, қорған аумағындағы қалалар мен қалашықтардың аумактары мен жер қөлемдерін анықтады. Мәселен, Тараз қаласының аумағы 6,5 гектар болса, Отырар 20, Құлан 12, Талғар 9 гектар жерге орналасқан. Қазақстандағы Ерте ортағасырлық және ортағасырлық қалалар өсіресе Батыс түркі қағанаты заманында (VI-VIII ғ.ғ.), Қармұқтар үстемдігі кезінде (VIII-X ғ.ғ.), Оғуздар мемлекеті тұсында (IX-XII ғ.ғ.), Қимактар мен қыпшақтар дәуірінде (VIII-XII ғ.ғ.) көптеп салынып, ерекше гүлденгені белгілі.

Қазақстан топонимдері ерте заман оқымыстылар: Геродот, Страбон, Итолемей, Марко Поло, Земарх Клиний еңбектерінде, сондай-ақ саяхатшылар мен әртүрлі елдердің елшілерінің (Плано Карпини, Андре Лонжомо, Вильгельм де Рубрук) жазбаларында біраз кездеседі. Әсіресе X-XII ғасырлардағы араб саяхатшылары мен ғылымдарының еңбектерінде жер-су аттарының көптеп кездесетінін Ибн-Хордазбек, Ибн-Хаукал, Әл-Махдуси, Әл-Масуди, Әл-Идриси еңбектерінен анық көреміз.

“Худуд-ал-алам” мағлұматы бойынша Қарлұқтар билігі кезінде 25 тен аса қала мен елді мекендердің болғаны, олардың ішінде: Құлан, Мерке, Амлалық, Тузун, Балығ, Барсхан, Сикұл, Талгар, Тоң, Пенгүл сияқты қалалардың аттары аталатының оқимыз.

XI ғ. авторы ал-Идриси “Нұзхат ал-Муштак” атты еңбегінде қимақ хандарының 16 қаласының атын атайды да, оның 12 қаласы қимақтардың тұрған жері, яғни Гамаш өзені алабында Хофан астанасымен бір жерде орналасқан деп көрсетеді.

Бұл мәліметтерден қарлұқ, оғыз, қыпшақ тайпаларының өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түркімен, қарақалпақ т.б. халықтарының қалыптасуына тікелей жер еткенін байқаймыз. Қарлұқтар мен оғыз, қыпшақ тайпаларының өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түркімен, қарақалпақ т.б. халықтарының қалыптасуына тікелей өсер еткенін байқаймыз. Қарлұқтар мен оғуз, қыпшақ, сондай-ақ, көне үйсін, қаңлы этнонимдерінің қазақ тайпалары мен руладында сақталып отырганы бұған дәлел. Осымен байланысты ерте орта ғасыр мен орта ғасырдағы қала аттарының тілдік сипатты жағынан қайсы халыққа тәндігін анықтау – қазіргі түркі тілдері үшін, сол тілде сөйлейтін халықтар үшін аса маңызды мәселе болып табылады.

Қазақстанның көне топонимдері тарихи лексика материалдары ретінде де аса қүнілди да бағалы. Әсіресе қазіргі республика аумағында замандар бойы түрлі әттикалық топтардың өмір

сүргендігін, ал ономастикалық материалдар олардың тілдерінің қалдықтары ретінде біздің заманымызға жеткендігін, сол тілдердің құпия сырларын ашуға септігін тигізетін аса зор деректер боп саналатынын анық көреміз.

Тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы-типологиялық және құрылымдық-морфологиялық әдістерді қолдана зерттеу нәтижесінде көне топонимдердің тілдік табиғатын, қайсы тілге тәндігін анықтай аламыз.

Қазақстан топонимдерін талдау барысында олардың бірнеше хронологиялық дәуірге тәндігін байқаймыз.

1.БІЗДІҢ ДӘУІРІМІЗГЕ ДЕЙІНГІ ТОПОНИМДЕР

Қазіргі топонимдер құрамында қазақ тілі материалы тұрғысынан талдауға көнбейтін, әдеби тіл нормасында жок лексикалық қабаттар жиғ ұшырайды. Ондай топонимдердің кейбіреулері тарих атасы Геродот Страбон (4. 1927), К. Птолемей т.б. кездессе, басқалары V-VIII ғ.ғ. көне түркі жазба ескерткіштерінде, енді біреулері біздің дәуірімізден бұрынғы үйін, қаңлы тілдеріне тән болып келеді. Бұндай атаулар Қытай халқының “Ханнама. Үйсіндер тарауы”, “Тарихнама” сиякты атақты тарихи ескерткіштерінде бар. Ресейдің Жонгутануғылымының негізін қалаушы синолог-ғалым Я.Бичуриннің “Орта Азия байырғы ұлттарының тарихи материалдары” атты белгілі еңбегі, француз тарихшысы Хоутема “Ханнама” мен “Тарихнамадағы” Батыс өнірлерін аударып, ондағы ономастикалық материалдары корсетсе, Жапон оқымыстысы Ушида Канпу т.б. ғалымдар бірге отырып, Жонғу тарихи кітаптарындағы Батыс өнір тарауларын аударып, түсінік жасап, баспадан шығарды (2 томдық сибек). Міне осылардың бәрінде де түркі атаулары, оның ішіндегі қазіргі қазақ халқын құрап отырған ірі тайпалар: үйін, қаңлы, қыншактар туралы, оларға тән ономастикалық материалдар контен келтіріледі.

Біздің дәуірімізге дейінгі топонимдердің көшілігі тау, теңіз, өзен, көл атаулары болса, кейбіреулері қала аттары ретінде ұшырайды. Мәселен, *Алтай*, *Хантөңірі*, *Қаратай*, *Қазығұрт*, *Ұлытау*, *Алатай*, *Каспий теңізі*, *Арал теңізі*, *Балқаш көлі* (бұрын *теңіз аталған*), *Ертіс*, *Арыс*, *Талас*, *Іле*, *Есіл*, *Сырдария*, *Ойыл*, *Қыыл*, *Тобыл*, *Жайық*, *Ембі* (Жем), *Хантөңірі*, *Талгар*, *Шыгу*, (*Чегу*), *Тараз* т.б.

Каспий теңізінің атауы біздің дәуірімізден бұрынғы II ғ. Орта және Солтүстік Закавказьяда *Кас елі*, Мемлекеті ретінде, ол осы дәуірде албандар басып алғып, ассимиляциялаған халық аты ретінде кездескен (БСЭ, т. 20, 324). Көрнекті грек географы Страбон албандардың басып алған жерінде *Каспиян* мемлекетінің болғандығын, бұл мемлекет пен теңізге қазіргі кезде жоқ болған Каспи деген халық атының қойылғанын айтқан (5. 476).

Тарихши С.В.Юшков болжамы бойынша: “в VII-IV в.в. до н.э. территорию Запада Туркменистана и регион Эмби Казахстана населяли племена *Каспи*, по хозяйственно-бытовой деятельности схожие со скіфами-саками и, по-видимому, являющиеся одним из их разветвлений, и что от Каспов, длительное время проживавших на этой территории, получило название Каспийское море” (6. 148).

П.В. Жило бұл теңіздің 70 м. аса аты болғанын көрсетсе (7. 1960), Х.Хасанов (8.7) тағы да 10 атауын анықтады (65).

Бұдан 3300-3500 жыл шамасы бұрын жазылған ”Авеста” атты діни кітапта теңіздің бізге мәлім емес, ең алғашқы аты *Воуру Каша* екен, ол орта пехлеви тілінде ”ен жоғары” деген мағынаны білдірген (П.В. Жило). Каспий теңізінің ең алғашқы атауларының бірі *Гирхан* болған. Бұдан басқа да *Албан*, *Хвальын*, *Гуржси*, *Гирхан*, *Огуз*, *Хазар*, *Табарыстан*, *Дейлем*, *Дербент*, *Түркмен*, *Маңғышлақ*, *Гұлзум*, *Ақ*, *Көк*, *Гуз*, *Қыпшақ*, *Қара теңіз*, *Сарай*, *Хиуа* тәрізді атаулары болғаны тарихтан мәлім. Бұлардың көбісі теңіз жағасында тұрған тайпалар мен

қалалардың аттары. Әзербайжан, Түрікмен, Иран классикалық әдебиеттерінде бұл теңіз Хазар деген атымен белгілі (Хазартүркі халқының аты).

В.А. Никонов тенізге *Айдархан* (яғни Астрахань), *Құзғынтеңіз* (құзғын – “қарға”), Гапы (Хапужскал) деген аттардың қойылғандығын айтады (9. 182).

Каспий теңізі атауы екі компоненттен тұрады. Оның *Kas* компоненті осы теңізді иемденген ерте замандағы сақ-скифтердің бір тармағы *Kas* тайпасы, мүмкін халқының аты болуы керек. Ал екінші компоненті түркі-монгол, тұңғыс-манчжур тілдеріне тән дербес мағыналы жеке лексика болса керек. Оны тарихи-салыстырмалы және салғастырмалы-типологиялық түрғыдан қарастырсақ: орочин тілінде *bija* “өзен, көл”, эвенкі *bizd* “өзен”, самоед ба “өзен”. Қазақстанның Алматы облысы Ақсу ауданында Биен (Бүйен) атты өзен бар. Оның бірінші сынарындағы би сөзі осы *bija*, *bizd*, *ba/ba* сөздерімен төркіндес екенін байқаймыз. Бұл айтылғандарды басқа да тілдер материалдары толықтыра түседі. Мәселен, Самоди тілінде *bi(bu)* – “өзен”, Негидальд тілінде *dija* – “өзен”, “бастау”. Басқа елдер топонимдерінде осы сөз арқылы жасалған гидронимдік атаулар: *Бия* – Об өзенінің бір тармағы, *Бий-Хем* – Енесей өзенінің бір тармағы, *Большая Бира* и *Малая Бира* – Амурдың сол жақ тарауы (Э. Мурзаев. Словарь народных географических терминов. 1984, с. 84-85-86). Демек, Каспий атауының екінші компонентіндегі *ни-тий* сөзін жоғарыда айтылған *bi*, *bija*, *бира* сөздерінің қатан *n* дыбысымен айтылған “өзен”, “көл” мәніндегі көне формасы деп білеміз. Олай болса, Каспий теңізі “Кас тайпасының (халқының) “көлі” дегенге саяды. Ол басында сұы шағын көл атанғанман бара-бара, сұы молайып, көлем, алабы да үлғайып теңіз болғанға үқсайды.

Арал теңізі жазба деректерде біздің дәуірімізден бұрынғы III f. *Оксин* теңізі атауынты. Рим галимдары Страбон мен Птолемей осы *Оксин* теңізі туралы оз жазбаларында мағлұматтар

қалдырган. Клавдий Птолемей “Алмагеста” атты еңбегінің 22-картасында Арап және Каспий теңіздерін көрсеткен. Жаңа дәуірден 138 жыл бұрын Қытай империясының елшісі Чжан Кянь: “Кан-гүй мемлекеті үлкен теңіздің жағасында. Бұл солтүстік теңізі Арап” – деп жазған екен. Бұл көрсетілген мезгілде Кан-гүй мемлекеті үлкен теңіздің жағалауында болғаны байқалады. Көрсетілген уақытқа Кангюй мемлекеті қазіргі Ферғана облысынан Ауғанстанға дейінгі жерді иемденген. Арап теңізінің Қене Сарматтың бір тармағы ретінде танымал болғаны тарихи деректерден белгілі.

Кайнозой дәуірінде Арап теңізі Каспий теңізімен жалғасыпты. Ерте дәуірде Амударья (Оксус) Каспий теңізіне құйса, Торғай өзені Арап теңізіне құйыпты. Арап теңізінің де бірнеше аты болған. Ол туралы әрбір мемлекет саяхатшыларының жазбаларында айтылған. Мәселен, Ибн-Хордадбектің мәліметі бойынша Арап теңізі 865 ж. *Күрдер* аталса, Әл-Масуди 943 ж. өз еңбегінде оны *Курджани* деп, Әл-Истахри 961 ж. *Казбин*, Әл-Хафизи 1339 ж. *Абруда* десе, Бекрон XIII ғ. оны *Женут* деп жазған. Біздің пікірімізше, Арап атауы *ар* және *ал* деген дербес еki компоненттен құралған. Бірсыныра зерттеушілер оны орал-алтай тобындағы тілдерге тән деп қарайды. А.К. Матвеев оны венгер тіліндегі *ap//er* – “тасқын”, “өзен ағысы” деп жазса, Е.И. Рамбендеева ол атауды Мансий тіліне тән *ара* – “өзен” дейді. Ар тұлғалы топотерминнің көптеген түркі тілдерінде бары аян: өзб. *орол*, шор. *арғы* – “арал”, “өзен қолтығы”, тув. *арыг* – “су жағасындағы бұта”, як. *арал* – “өзен алабы”, *арыг* – “арал, ағаш арасындағы алан, шабындық”, хак. *арыг* – “тоғай, өзен тармағы, тарамы”. Бұл терминдер топоним ретінде де қолданысқа түсіп отырған. Мәселен, қаз. *Арап* (теңізі), *Арыс*, *Арганаты*, башқ. *Ар*-Танап өзенінің оң жақ тармағы, Эри-Буй өзенінің тармағы, як. *Арыы* – “арал”, Улу *Арыы* – “үлкен арап”, *Уон Арыы* – “он арап” т.б.

Бұл айтылғандарды жинақтай келгенде, Арап гидронимінің мағынасы: “су, өзен, көл, бастау”, “арал, өзен, көл аралы” де-гендер қосымша мағыналар, ал тіліміздегі *Арап* өзінің тұра мағынасындағы сөз.

Сырдария өзені жазба деректерде біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда, біздің дәуіріміздің IV ғасырында Скиф тілінде *Си-лис* аталса, VI-VIII ғасырларда грекше *Яксарт* (түркітің Касарт дегенінен өзгерген), кейінірек VIII-X ғасырларда, Қарлықтарды» үстемдігі кезінде *Сейхун*, одан бұрынырақ Александр Македонский жауынгерлері оны *Танаид* атанған. Бұл атау скифтің “Дон” – “өзен” атауының көшірмесі (калькасы) еді.

Бұл өзен Шығыс Қазақстан облысының Өскемен, Семей қалаларын және Павлодар облысының Павлодар қаласын ба-сып өтіп Тобылға, одан барып Об өзеніне құяды. XI ғ. Махмуд Қашқари еңбегінде ол *Эртиши* тұлғасында беріледі де “Йамак даласында агатын өзен аты” – деп түсінік береді. Оның тұра мағынасы “Қане, жарысып көр, кім озар екен” деп көрсетеді. Э.М.Мурзаев бұл мағыналарды халық азызы деп қарайды да мұндай ұқсас гидронимдер көп кездеседі деп: *Иртыши*, *Ыргыз*, *Иркут*, *Иірсу*, *Иіркөл* т.б. атауларды мысалға келтіреді.

В.П. Семенов Ертіс атауының мағынасын басқаша түсіндіреді. А.Д. Дульzon пікірінше: ”Ертіс Кет сөзі, оны монғолдар өз тілдеріне Эрчис, Ирцис тұлғасына өзгертіп қабылдаған, яғни кет тіліндегі *Ирчис*, *Ирцис* мұндағы сес, үис – “өзен” деп қарайды (10.98).

Қазіргі Тяньшань тауы аталып жүрген тау аты ерте заманда *Үйсін тауы* аталғаны тарихи деректерде бар жайт. Таудың біздің дәуірімізден бұрынғы II-I ғасырларда өмір сүрген үйсін тайпасының атымен аталуының да өзіндік сыры мен себебі бар. Ерте заманда Қытайдың қазіргі Синьцзян жерін Хыши Коридорына дейін үйсіндер иемденген болса, біздің дәуіріміздің I ғасырынан бастап Іле өзенінің онтүстік батысын, Күнгей алатруды үйсіндер өз жері етіп, мемлекеттік тұтастығының

негізін күрған. Бұл жайт Қытайдың “Ханнама” және “Тарихнама” ескерткішіндегі “Үйсіндер туралы” тарауында толық баяндалған. Оны соңғы жылдары үйсін қабырларын зерттеген, үйсін мәдениетін археологиялық қазбалар негізінде анықтаған Қытай және Қазақстан археологтары жазып отыр.

Қытай жылнамаларындағы үйсін сөздері мен жер-су, адам аттарын оқып, талдаған ресейдің тұнғыш синологы Я. Бичурин.

Оның баяндауынша, мына сөздер мен жер-су, адам аттары үйсін тіліне тән. Олар: *Даган*, *Чаян*, *Темірлік*, *Күңгел*, *Нарын*, *Долос*, *Талас*, *Қарқара*, *Ақсай* (жер-су аттары), *Кунбек*, *Унгебай*, *Чиригбай*, *Эришақ*, *Еркін*, *Нәнди*, *Оңқа* (кісі аттары), бури, ақа, жосы, аран, ши, сойыс, тау, нор-жалпы есімдер. Ал Үйсін тауы атауындағы үйсін этнонимінің этимологиясы жайлы Н.Я. Бичурин, Ш. Үәлиханов, В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Н.В. Кюнер, Б.Г. Гафуров, Ю.А. Зуев т.б. фалымдар әрқиылды пікір айтты. Соңғы кезде Шынжаң музейінде түркі тілдерін зерттеумен шұғылданып жүрген Ыслапыр ұлты (ұйғыр) азаматтың айтуынша: “Түрік тілінде “үйі”, “үйді” деген түбір сөзді» “ұйыған”, “қатқан”, “еріп жүрген” деген сияқты мағынасы бар еken. Оның ауыспалы мағынасы “ынтымақтасу”, “бірлесу” деген сөздерге саяды еken. Үйсін үшінші жақтық бүйрек райлы қосымша, фонетикалық ұнdesttіk бойынша *udi+sun* – *iy(i)sun* – *iysin*<үйсін болып өзгерген. Ал үйсін сөзі дыбыстық аударма бойынша қытайша – (қытай жазу нұсқасына сай) жазылған. Сондықтан олар бұл атаудың мағынасын “ынтымақтасу”, “бірлесу” деген сөздерге қатысты болу керек (11. 97.98) дейді.

Біздің байқауымызша, Үйсін атауы екі сөзден бірінші компоненті үй(үй, ой), екінші компоненті *cın*(сын). Үй сөзі ой сөзінің дыбыстық түрғыдан өзгерген тұлғасы болса керек. *Oй>үй>үй*. Былайша *оігыр>үйгыр*, *оімайыт*, *оірат*, *оісын* деген атаулардағы ой сөзі “оіпан”, “оілауыт”, “оідым” деген мағынадан горі “орман”, “төфай” мәнінен бейім. Үйсін атауының екінші компоненті *cín* (варианты *cín*)

қосымша деуден горі жеке мағыналы түбір сөз деп қараудың реті бар сияқты. Бұл сөздің түркі, монгол, тұнғыс-манчжур тілдерінде түрлі дыбыстық тұлғада айтылып, “халық”, “тайпа” деген мағынаны білдіретінін көреміз. Мәселен, монг. зон – “халық”, “ел”, тұнғыс-манж. зон – “халық”, якут зон – “халық”, “тайпа”, тува чон – “халық”, “тайпа”, чув. сын//шин – “адамдар”, “халық”. V-VIII ғ. көне түркі жазба ескерткіштеріндегі будун этнонимінә дун (*дъон*) компонентін Н.К. Антонов “халық”, “адам” деген мағынадағы жеке, дербес сөз деп таниды да: “Нам кажется, – писал он по этому поводу, – что тюрко-монгольское *йон*, *дъон*, *чон*, *сын* можно бы сравнить еще с Хуннским *жун*, имевшим по-видимому значение “народ, люди, племя” (12.12).

Жоғарыда айтылған пікірлерге қарағанда, үйсін этнонимінә екінші компонентіндегі *сін* (*сын*) сөзі шығу тегі жағынан зон (*дъон*, *йон*, *шин*, *сын*, *чон*, *жун*) сөздерімен тікелей байланысты. Оның фонетикалық түрфыдан өзгеру құбылысы әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Бұл сөздің дыбыстық түрфыдан өзгеріске түсуі, біздіңше, дыбыстардың алмасуымен байланысты екені байқалады. Яғни *з//ð//й//ж//ч//с* немесе *з/ж/ð/й/ч/и/с*. Салыстырмалы әрі салғастырмалы типологиялық түрфыдан талдай келіп, үйсін~ойсын~үйсын этнонимін “орман халқы, орман адамдары” деген мағынаға жуық болар деп жорамалдаймыз.

2. ЕРТЕ ОРТАФАСЫРЛЫҚ ТОПОНИМДЕР

Қазіргі Қазақстан Республикасының жерінде ерте ортағасырда кімдер, қандай тайпа, ру, ұлыстар мен елдер омір сүріп, тіршілік еткені, ол кездегі топонимдер жайлы Қазақстан тарихында толық әрі жан-жақты айтылса (1.1997), археологтар еңбектерінде сол кездегі қалалар, замандар табына орай жер астында қалған, қирап бөлінген, кейіннен қазба жұмыстары нәтижесінде аршылып, анықталған кала аттары белгілі болды (2.1998).

Ерте Ортагасырлық тайпалар мен рулар және сол кездегі қалалар мен тұрактар, өзен, көл, тау тағы да басқа жер атаулары XI ғ. әйгілі ғалым Махмұт Қашқари еңбегінде және оның қалдырыған географиялық картасында берілген (3.1960, 1961, 1963). Ол замандарда Жетісу өлкесін және Оңтүстік аймақты батыс түркі қағанаты билеп, орталығы Суяб қаласы атанса, Шығыста Қарлұқтар, Оңтүстікте Қараханидтер, одан соң Өғұздар, Солтүстік-Шығыста Қимақтар мен Қыпшақтар өмір сүрді. Бұл жайттар және ол кездегі топонимдер жайлы толық деректер А. Әбдірахманов (4. 1975), К. Рысбергенова зерттеулерінде барынша толық баяндалып, көптеген топонимдердің мән-мағыналары мен сыр-сипаттары көрсетілді (5.2000).

Орталық Қазақстанның ерте орта ғасырдағы ру, тайпаларының шығу, пайда болу тарихын, атаулардың таралу шегін анықтау, салыстыру, оларды археологиялық түрғыдан зерттеу мәселелері мен академик Ә.Х. Марғұлан көп шүғылданып іргелі еңбектер жазса (6. 1978, 1979), Орталық Қазақстан топонимдерінің шығуы мен дамуы және қалыптасу тарихы А. Әбдірахманов зерттеулерінде де біршама қарастырылды (7. 1989).

А. Жартыбаев, Омарбекова А.С., Бектасова Б.К. зерттеулерінде Қарағанды, Ұлытау, Торғай, Қостанай аймақтарындағы топонимдердің құрамы мен құрылышы ғылыми түрғыдан өз шешімін тапты (8.1991).

Атырау, Батыс Қазақстан өлкелерінде орта ғасырда өмір сүрген тайпалар. олардың тілі мен жер-су аттары да М. Қожанов (9.1989), Ұ. Ержанов (10.2001) еңбектерінде, Шығыс Қазақстандағы арғын, найман, керей тайпаларының орта ғасырдағы қоныстануы мен таралу шегі, бұл өлкелердегі топонимдердің пайда болу тарихы мен шығу тегі, сыр-сипаттары мен этимологиясы А. Әлімхан (11.2000), Б. Бияров (12.2002) зерттеулерінде біршама қамтылды.

Ерте ортағасырлық топонимдер (қала, кент, өзен, көл, тау атаулары) осы еңбектің "Топонимдер этимологиясы" атты

белімінде беріліп отырғандықтан бұл арада жеке-жеке талдан жатуды жөн санамадық.

Жазба деректерге сүйене жасалған V-VIII ғасырларда картада Қазақстан территориясын мекендеген түрік тайпаларының орналасу кестесі көсетілген. Бұл кестеде Суяб қаласынан басқа Испиджаб Тарбан (Отрап), Тараз, Шаш қалалары және Оксус, Яксарт (Сырдария) өзендері, Хорезм көлі (Арал теңізі), батыста Гирхан теңізі (Каспий теңізі) көрсетілген.

Батыс түрік қағанаты сақынадан кеткен соң түргештер келеді де VI ғасырдан Шу-Іле аралығына үстемдік жүргізіп, бүкіл Жетісу өлкесін иемденеді.

Оның Шу бойындағы астанасын Суяб қаласына кошіріп, оны үлкен орталық атағаны мәлім. Күнгіт қаласында кіші астанасы болады. Күнгіт және сол аттас тайпа Іле алабында тұрған. Түргеш қағанаты көп өмір сүре қоймады. Арада 62 жыл өткен соң 756 ж. оны түркі тілді Қарлық тайпасы женіп, тарихи сақынадан кетірді.

Сонымен VIII ғ. екінші жартысынан Қазақстан территориясында Қарлық мемлекетінің негізі құрылады. Бірақ 812 ж. Үйғырлар Қарлықтарды женіп өз үстемдігін орнатады. 840 ж. Үйғырларды Қырғыздар женген соң Қарлықтар қайтадан бас көтеріп, өз өлінше әрекет жасалғанмен 940 ж. олар иемденген Баласағұн қаласын Қараханидтер басып алғып, Шу өлкесінде өз үстемдігін жүргізген соң Қарлықтар Жетісуға ие болып, Қаялық қаласын орталық етеді. Арабтардың онтүстік Қазақстанға шабуылмен келіп, Испиджаб қаласын басып алуы 714 ж. болса, одан ары Жетісуға Ислам дінін дамытады.

Қазақстан жерінде X ғасырдан өмір сүре бастаған оғуздар 22 тайпадан тұрған. М. Қашқаридың "Диван лұғат ат-түрк" атты сөздігінде оғуз тайпаларының аттары аталады. Олар: Қынық, байындыр, ива, салур, афшар, бектілі, букууз, баят, язғыр, имур, Қарабұлақ, Алиқабұлақ, иғдір, үрсегір, тұмырқа, ұлан-иондулдуғ, түгер, жебни, бәжсене, жуалдар, жаруктуғ.

Огуздар Батыс Қазақстан мен Сырдария алабында, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өлкесінде көп болған. Х. ғ. Оғуз мемлекетінің астанасы *Яңгикент* болды, кейде оны *Жаңа Гузия* деп те атаған. Оның *байындыры*, имур және қан атты тайпалары *Об* пен *Ертіс* аралығында өмір сүрді.

Огуздар Сырдария өзені бойында *Женд*, *Яңгикент*, *Хора* қалаларында, *Арал*, *Каспий* теңіздерінің Кең жазира дала-ларында, *Мұғалжар* тауы мен *Ойыл*, *Ыргыз*, *Ембі* (Жем) өзендері бойында көшіп-қонып жүрді. Муғалжар жондарында оғуздардың *Нұджсақ*, *Бадагақ* атты қорған-бекіністері, ал Оңтүстік Оралда – *Даранда* (Дендер) және *Дарқұ* деген шағын бекіністері болды.

Тарихи-географиялық деректерде Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарында қимақтар мен қыпшақтардың VIII-XI ғасырларда мекендерегін баяндалады. Қыпшақтар мен Қимақтардың туыстыры біздің дәүірімізге дейінгі III ғ. басталғаны А.Н. Бернштам еңбегінде айтылса, қыпшақ этнонимі, үйғыр ханы Баян Чорға арналған VIII ғ. ортасындағы руникалық тексте аталады. М.Қашқары ”Йемаки (Имаки) және қыпшақтар бір тілде сөйлейді, бірақ қыпшақтар өздерін қимақпен бір деп есептемейді, бөлек тайпа деп санайды”, – деп көрсеткен.

Араб географы Әл-Идриси ”Нузхат ал-Муштах” деген XI ғасырдағы еңбегінде қимақтардың қалалары мен тұрақтары туралы құнды деректер береді. Ол: ”Қимақ хандарының қалалары он алты” деген мәліметті жалғастыра келіп, сол кездегі мемлекеттер мен ірі тайпалардың аттарын және жер-су аттарының картасын жасаған.

Ерте ортағасырлық топонимдерге көбіне гомогенді көне түбірлі топонимдердің тән екені анық байқалады. Мысалы: Бақанас, Дегерес, Текес, Қорғас, Ертіс, Есіл, Асы, Балқаш, Елек, Еміл, Қағыл, Қыыл, Тобыл, Лабасы, Лабар, Лепсі, Ойыл, Іле, Қенгір, Жем, Жеменей, Карагем, Жымпіты, Боген, Сарқан,

Тұрғен, Обаған, Шамалған, Бұйсен, Аяғөз, Тараз, Талгар, Қаратай, Бозашы, Бегазы, Маңғыстау, Сағыз, Өлеңті, Сіләті, Шідерті т.т.

Ерте орта ғасырда Қазақстан жеріндегі қалалар мен қалашықтар және белгілі тұрақ-қыстактардың пайда болып дамуына, өзендер мен көл, көлшік, тау, қыр, жота, шоқы, тобе т.б. объектілерге ат беруде жоғарыда аталған түркі тайпаларының рольдері ерекше болғаны даусызы.

VI-X ғасырларда Қазақстанның оңтүстігі мен Сырдария жазығында, Таласта, Іле мен Шуда сауда-саттық, шаруашылық және мәдениеті өркендеген қалалар пайда болады. Ең алғашкы қалаларда үйлер мен атақты, белгілі адамдардың кора-жайлары, хандар мен бектердің сарай, корғандары, сауда-саттық орындары болды.

Тарихи жазба деректерде ондай қалалардың көрінісі мен сипаттары толық жазылдып отырған.

Сырдарияның орта шенінде орталығы *Отырар* боп, *Канғатарбан* атты аймақта патша ордасы тұрған. Жетісуда *Кермінкет* қаласының, ал сол жақта *Яр(Жар)*, *Барсхан*, *Беклик* қалалары салынған.

Оңтүстікте *Құйрық тәбе*, *Баба-Ата* қалашықтар, Жетісудың Оңтүстік-батысында *Құлан*, *Ақтәбе*, *Мерке*. Жуантобе қалашықтар IX-X ғасырларда белгілі болғанды. Осы жақтагы *Аспара*, *Нұзкет*, *Сарығ* сияқты қалалардың сауда-саттық және мәдени қарым-қатынас мәні зор болды.

Ұлы Жібек жолындағы *Тараз* және *Суяб* қалалары VI г. жазба ескерткіштерден белгілі бол, ірі қалалар санатына қосылған. Жетісудың оңтүстік-шығысындағы *Талхиз*, *Екіөгіз*, *Қаялық* қалаларының жер шаруашылығымен катар сауда-саттық, мәдени жетістіктер жағынан мәні ерекше зор еді. Осылармен катар Жетісудың *Алтын*, *Аргы-Талас-Улус*, *Чигил-батық*, *Йаканкет*, *Одакент* қалаларының тарихта аты қалды. *Құлан*.

Жол, Бұзық, Сарығ, Беклик, Жар сиякты қалалар нағыз түркі сөздерінен қойылған қала аттары.

VIII ғ. Соғдылар негізін салған қалалар: *Халукет, Невакет, Семена* еді. Бұлардан басқа Жетісуда, онтүстікте *Сауран, Сайрам, Қарнақ, Сұнақ, Тараз, Арсубаникет, Испиджаб, Отыра-Фараб* (VIII ғ.) қалалары белгілі болды. Отырар қаласының бұрынғы аты *Тарбан* болған деген де пікір бар. *Тарбан, Турап-банд* және *Отырар* бәрі бір қаланың аты деген пікірлер ертеден орын алған.

Тараз қаласы VI ғасырдан белгілі болған. Оның айналасында, Талас өзені бойында *Ассы, Тәменгі Барсхан, Хамукет, Жикіл, Адахкет, Дех-Нұжикет* т.б. қалалар өмір сүрген. Бұл атаулардың барлығы да ерте орта ғасырда, яғни V-X ғасырларда өмір сүрген.

3. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТОПОНИМДЕР

X-XVI ғасырларда Қазақстанның онтүстігі мен онтүстік шығысында, солтүстік және орталық, шығысы мен батыс аудандарында түрған қимақтар мен қыпшақтар, қаңлы, үйсін, жалайыр, дулат, албан, суан, арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, алшын, алтын, адай, жетіру, әлім, төртқара т.б. тайпаларының топонимдерін де орта ғасырға жатқызуға болады. Қимақтар жайлы деректер VIII ғ. тән араб, парсы деректерінде де айтылды.

Араб географы Әл-Идриси Қимақ хандарының қалалары он алты ... *Қарантия*, қимақтың бірінші үлкен қаласы *Гаган* деп аталатын үлкен көлдің жағасында деп жазды. Одан әрі *Дамурия, Сараус, Банжар, Даҳсан, Ханауш, Астур, Гамаш* өзені, Ертіс сиякты қала аттарын айтады. Сол кезде болған *Нұдхақ, Бадачақ, Дарапанда, Дарқу* қалалары аталады.

Орта ғасырда бұл аталған қалалардан басқа да толып жатқан топонимдердің болғаны даусызы.